

«Nomad Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамының 2018 жылғы қызметінің қорытындылары туралы жылдық есеп

1.01.2019 ж. күніне жағдай бойынша Компанияда ҚР облыстық және аудандық орталықтарында, оның ішінде Алматы және Астана қалаларында 27 филиал және өңірлік кеңсе қызмет етеді.

Есеп беру жылында Компанияда орын алған маңызды оқиғалар:

- Компанияда Компания атауының және орналасқан мекенжайының өзгеруімен байланысты іс-шаралар өткізілді, оның ішінде жаңа редакциядағы жарғының тіркелуі жасалды;
- Компанияда «InterCert» Сертификаттау орталығы» ЖШС-мен өткізілген төмендегідей стандарттар бойынша сапа менеджменті жүйесіне сәйкестігіне қайта сертификаттау табысты өткізілді:
- СТ РК ISO 14001-2016 (ISO 14001:2015) «Экологиялық менеджмент жүйелері. Талаптар және қолданылу бойынша нұсқаулық»;
- СТ РК ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар»;
- СТ РК OHSAS 18001-2008 (OHSAS 18001:2007) «Кәсіби қауіпсіздік және денсаулық менеджменті жүйелері. Талаптар».
- Компания сақтандыру нарығымен және ҚҚҚ-мен (АФК) бірге Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістерді/толықтыруларды енгізу бойынша үлкен жұмыс атқарды, оның ішінде:
Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңына зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру төлемдері және сақтандыру сыйлықақылары мөлшерін ұлғайту бөлігінде қолданыстағы зейнетақы аннуитеті шартына сақтанушымен қосымша келісімдерді жасасу мүмкіндігі бөлігінде. Бұл жұмыс бастапқыда ҚҚҚ, ҚР ҰБ алаңшасына шығарылып, кейіннен «Атамекен» ҰКП-мен алып жүргізілді.
- Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылғы 02 шілдедегі № 166-VI Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына 02.07.2018 ж. қол қойған, аталған Заң 14.07.2018ж. бастап күшіне енді. Аталған Заңмен Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, оларға сәйкес егер сақтанушының зейнетақы жинақтарының сомасы сақтандыру ұйымымен жасалған зейнетақы аннуитеті шартының сомасынан асқан жағдайда, бұл айырмашылық салымшымен (алушымен) зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру төлемдері мен сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін ұлғайту бөлігінде қолданыстағы зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістерді енгізу үшін пайдаланылуы мүмкін.
- Бұрын заңнамаға жоғарыда аталған түзетулер енгізілгенге дейін сақтанушылар зейнетақы аннуитеті аясында жинақтардың сомасын ұлғайта алмайтын еді, өйткені

сома заңмен көрсетілген шектен аспауы тиіс еді. Енді сақтанушыларда бұл мүмкіндік пайда болды.

- 4. 28.09.2018 ж. бастап Компания «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» Акционерлік қоғамының мүшесі болып табылады. заңнамадағы жаңалықтарға сәйкес «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқығын беретін лицензиясы бар сақтандыру ұйымдары міндетті түрде «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» Акционерлік қоғамының акционерлері құрамына кіріп, қатысудың тиісті шарттарын жасау тиіс.
- Қордың кепілдіктерімен ықтиярсыз жойылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру шарттарының тізіліміне және (немесе) сақтандыру бойынша деректердің бірыңғай базасына кірмейтін сақтандырудың кепілдендірілген түрлері бойынша сақтандыру шарттары өтеледі.
- Аннуитеттік сақтандыруды кепілдендіру аясында Қор:
 - уәкілетті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын лицензиясынан айыру туралы оның шешімі қабылдауы негізі бойынша уақытша әкімшілікті тағайындау күнінен бастап сақтандыру портфельін «өмірді сақтандыру» саласы бойынша лицензиясы бар басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына тапсыру сәтіне дейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен жасалған қолданыстағы аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың үздіксіздігін және уақыттылығын;
 - уәкілетті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын лицензиясынан айыру туралы оның шешімі қабылдауы негізі бойынша уақытша әкімшілікті тағайындау күнінен бастап сақтандыру портфельін «өмірді сақтандыру» саласы бойынша лицензиясы бар басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына тапсыру мүмкіндігі болмаған кезде, қызметкердің кәсіби еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу немесе ұзарту (қайта келтірілу) жағдайында жасалған аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының төлеуін жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.
- 18.09.2018 ж. бастап Компания Сақтандыру омбудсманы өкілдері кеңесінің құрамына енді. Бұл ену Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруімен байланысты болды, аталған заңға сәйкес омбудсман және өмірді сақтандыру компанияларының Сақтандыру омбудсманы өкілдері кеңесінің құрамына енуі міндетті талабы бойынша нормалар алғаш рет енгізілген. Сақтандыру омбудсманы қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты бойынша тараптар арасында келіспеушіліктердің реттелуін жүзеге асыруға уәкіл етеді. Осылайша, сақтанушыға, сақтандырылған тұлғаға немесе пайда алушыға қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартынан туындайтын даулар орын алғанда тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы, немесе сақтандырушы, оның филиалы, өкілдігі арқылы арызбен жүгіну құқығы беріледі.
- Сонымен қатар қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартынан туындайтын даулар орын алғанда сақтандырушымен сақтанушыдан (пайда алушыдан) түскен арызды

қараудың минималды мерзім қарастырылған. Осылайша, сақтанушыдан арыз түскен кезде, сақтандырушы сақтанушының талаптарын қарастыруға және бес жұмыс күні ішінде дауды әрі қарай реттеудің тәртібі көрсетілген жазбаша жауабын ұсынуға міндетті.

- Ерікті жинақтаушы сақтандыру бойынша жаңа сақтандыру өнімдерін бекіту: «Золото Номадов» және «Валютный план» ерікті жинақтаушы сақтандырудың қағидалары бекітілді.
- Жетекші еншілес банктермен серіктес қарым-қатынастар орнатылды. Кобрендинг. Шартты жасасу үрдісінің онлайн жүйесін әзірлеу
- «Золото Номадов» өнімін сатуға бағытталған Астана және Алматы қалаларында 2 қосымша өңірлік кеңселерін ашу
- 2018 жылғы 05 қарашада Компания эмитенттің ұзақ мерзімді несиелік рейтингісін А.М.Вest халықаралық рейтингтік агенттігінің шәкілі бойынша bb-деңгейінде растады (2017 жылғы 24 тамызда берілді).

«Nomad Life» ӨСК» АҚ қызметін сипаттайтын негізгі көрсеткіштерін талдау

01.01.2019 ж. күніне жағдай бойынша ҚР Ұлттық Банкінің мәліметтері бойынша өмірді сақтандыру саласында Компания нарығының үлесі 30,7% немесе 38 917 млн. теңгені құрайды.

01.01.2019 ж. күніне жағдай бойынша ҚР Ұлттық Банкінің мәліметтеріне сәйкес «Nomad Life» ӨСК» АҚ:

1-ші орында

Қазақстан Республикасында өмірді сақтандыру бойынша барлық компаниялары арасында кіріс және сақтандыру төлемдері бойынша

Сақтандыру сыйлықақыларының алымдары бойынша:

- «ҚЖОМС» (қызметкерлерді жазатайым оқиғадан сақтандырудың міндетті түрі) сыныбында сақтандыру сыйлықақыларының алымдары бойынша. Сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 10 183 млн. теңге – бұл ҚР-да өмірді сақтандыру бойынша барлық компаниялары арасында ҚЖОМС бойынша алымдардың жалпы көлемінен 36,8% құрайды.

- «Аннуитеттік сақтандыру». Сақтандыру сыйлықақыларының сомасы:

16 118 млн. теңге – бұл ҚР-да өмірді сақтандыру бойынша барлық компаниялары арасында осы сынып бойынша алымдардың жалпы көлемінен 46,7% құрайды.

Оның ішінде:

- «Зейнетақы аннуитеттері» сыныбында сақтандыру сыйлықақыларының алымдары бойынша. Сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 12 682 млн. теңгені – бұл ҚР-да өмірді сақтандыру бойынша барлық компаниялары арасында зейнетақы аннуитеттері бойынша алымдардың жалпы көлемінен 45% құрайды.

- «Жұмыс беруші жауапкершілігінің аннуитеттері» сыныбында сақтандыру сыйлықақыларының алымдары бойынша. Сақтандыру сыйлықақыларының алымдары 2 783 млн. теңге – бұл ҚР-да өмірді сақтандыру бойынша барлық компаниялары арасында осы сынып бойынша алымдардың жалпы көлемінен 58,4% құрайды.

2-ші орында

Активтер, сақтандыру қорлары, жиналған сыйлықақылары және өзіндік капиталы бойынша

Сақтандыру сыйлықақыларының алымдары бойынша:

- «Өзге аннуитеттер» сыныбында. Сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 652 млн. теңгені – бұл ҚР-да өмірді сақтандыру бойынша барлық компаниялары арасында зейнетақы аннуитеттері бойынша алымдардың жалпы көлемінен 42,2% құрайды.

01.01.2018 ж. күніне жағдай бойынша «НОМАД LIFE» активтерінің мөлшері 92 718 млн. теңге, өзіндік капиталы – 9 910 млн. теңге, сақтандыру қорлары – 80 169 млн. теңге, сақтандыру төлемдері – 5 193 млн. теңгені құрады. Жарғылық капиталдың мөлшері 2 130 млн. теңгеге тең болды.

Сақтандыру өнімдері тұрғысынан сақтандыру сыйлықақыларының түсімі:

01.01.19 ж. өмірді сақтандыру саласы, мың тг.									
Компания	ӨС	АС	ЗА	ЖЖА	ЖА	ЖО	ЖОМС	ЕМС	барлығы
Халык	26 343 641	10 490 614	8 770 447	846 255	873 912	4 331 842	9 833 011	33 541	51 032 649
НОМАД LIFE	12 606 033	16 118 528	12 682 859	2 783 472	652 197	8 920	10 183 630	0	38 917 111
ЕСК	14 118 321	0	0	0	0	4 287 249	0	0	18 405 570
Freedom Finance Life	1 416 855	252 132	25 613	220 627	5 892	1 143 672	2 304 085	5 297	5 122 041
МАК	574	1 957 234	1 416 108	526 363	14 763	28	2 290 465	0	4 248 301
Standard Life	198 951	5 711 979	5 319 728	391 909	342	2 510	3 033 994	7 008	8 954 442
Барлығы	54 684 375	34 530 487	28 214 755	4 768 626	1 547 106	9 774 221	27 645 185	45 846	126 680 114
желтоқсан/қараша 2018, %									
Компания	ӨС	АС	ЗА	ЖЖА	ЖА	ЖО	ЖОМС	ЕМС	барлығы
Халык	8,8%	12,8%	14,0%	7,9%	6,2%	8,3%	6,7%	0,1%	9,1%

НОМАД LIFE	44,0%	18,0%	22,0%	4,7%	7,9%	41,8%	8,0%		22,2%
ЕСК	13,6%					6,5%			11,9%
Freedom Finance Life	0,1%	6,3%	0,0%	7,3%	0,0%	2,7%	1,5%	2,7%	1,6%
МАК	0,5%	23,7%	34,9%	1,3%	21,2%	0,0%	2,2%		11,1%
Standard Life	43,5%	52,9%	58,8%	1,8%	0,0%	0,0%	15,7%	9,1%	37,6%
Барлығы	16,5%	21,1%	25,3%	4,7%	7,0%	6,8%	7,2%	1,7%	14,7%
2018/2017 , %									
Компания	ӨС	АС	ЗА	ЖЖА	ЖА	ЖО	ЖОМС	ЕМС	барлығы
Халық	64,5%	12,2%	10,4%	-1,6%	59,4%	57,0%	15,5%	14,1%	39,2%
НОМАД LIFE	413,0%	28,3%	27,4%	24,7%	72,0%	-65,8%	30,9%		70,5%
ЕСК	13,6%					176,7%			31,7%
Freedom Finance Life	2665,6%	-81,1%	-97,8%	16,0%	466,5%	14543,7%	-17,2%	141,4%	22,6%
МАК	40,7%	168,4%		-32,8%	16,5%	-61,6%	12,9%		54,0%
Standard Life	661,6%	72,1%	77,9%	18,9%	14,0%	2658,2%	20,2%		52,6%
Барлығы	67,5%	2,9%	3,5%	-7,7%	37,5%	124,3%	-0,3%	-4,8%	28,8%

01.01.19 ж. қаржылық көрсеткіштер, мың тг.					
Компания	Активтер	Қорлар	СК	Кіріс	Төлемдер
Халық	145 196 490	112 015 549	22 487 439	4 025 797	4 536 655
НОМАД LIFE	92 718 185	80 169 275	9 910 596	4 555 429	5 193 871
МАК	36 501 717	31 329 655	4 934 606	919 412	2 208 169
Standard Life	29 338 067	24 980 854	3 429 342	554 730	1 647 325
ЕСК	15 458 150	8 809 060	5 829 024	2 875 557	1 224 084
Freedom Finance Life	10 372 459	7 265 406	2 988 425	392 360	506 327
Барлығы	329 585 068	264 569 799	49 579 432	13 323 285	15 316 431

Саладағы үлестер, %					
Компания	Активтер	Қорлар	СК	Кіріс	Төлемдер
Халық	44,1%	42,3%	45,4%	30,2%	29,6%
НОМАД LIFE	28,1%	30,3%	20,0%	34,2%	33,9%
МАК	11,1%	11,8%	10,0%	6,9%	14,4%
Standard Life	8,9%	9,4%	6,9%	4,2%	10,8%
ЕСК	4,7%	3,3%	11,8%	21,6%	8,0%
Freedom Finance Life	3,1%	2,7%	6,0%	2,9%	3,3%
Барлығы	100,0%	100,0%	100,0%	100,0%	100,0%